HYUNDAI

# PALISADE



# Жаңа айқын келбет



Сәнді және айқын келбетінің арқасында жаңа PALISADE қайда барсаңыз да, бір қарағаннан-ақ назарды өзіне аудартады. Оның дизайны тыныштық сезімін тудырады және сенімділікті арттырады, өйткені Сіз ең заманауи қауіпсіздік технологиялары Сізді және жақындарыңызды қорғай алатынын білесіз.
Озық қосылу технологиялары мен кең салоны PALISADE-ты отбасылық демалыс үшін мінсіз көлікке айналдырады.


HLX 2206


HLX 2206



# Сәнді сыртқы келбеті

Hyundai маркасының флагмандық SUV болып табылатын PALISADE жолдардың патшасы болу үшін жасалған және көшбасшылық қасиеттерін паш етеді. Бір уақытта спорттық және әдемі болып келетін бұл автокөлік керемет сыртқы келбет пен назардан тыс қалмайтын керемет мүмкіндіктерді біріктіреді.





# Дизайн

PALISADE кез келген ракурстан көрнекті. Оның барлық бөлшектері — айқын радиатор торынан бастап футуристік жеңіл балқығыш дөңгелектерге дейін — көліктің сән-салтанатын баса көрсетеді, ал бірегей күндізгі жүріс шамдарының арқасында модель бұрынғыдан да кең және тұрақты көрінеді. Стилистикалық бірлік пен ерекше үйлесімділікке қол жеткізу үшін артқы шамдардың дизайны алдыңғы жарықдиодты модульдермен үндеседі.




**Толығымен жарықдиодты фаралар / «қара хроммен» әрленген радиатор торы**



20-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер




Аралас жарықдиодты артқы шамдар

# Жайлылық

Бүкіл назар диагоналы 12,3 дюйм Supervision цифрлық аспаптар тақтасында болады, бұл графика мен мәтіннің анық және жоғары сапалы көрсетілуіне кепілдік береді.
Басқа 12,3 дюймдік дисплей экранды бөлу функциясын қолдайды, соның арқасында Сз маршрутты және қозғалыс бағытын тексере аласыз, ойнатылатын музыка/радио туралы ақпаратты көре аласыз және бір уақытта көптеген басқа әрекеттерді орындай аласыз. Жолда сүйікті қолданбаларыңызды пайдалану үшін смартфоныңызды автокөлікке қосыңыз.




**Диагоналы 12,3 дюймдік дисплей**




Проекциялық дисплей




Диагоналы 12,3 дюймдік Supervision цифрлық аспаптар тақтасы


HLX 2206



# Жаңа деңгейдегі технологиялар

PALISADE-пен Сіз әрқашан келесі сапарды күтетін боласыз. Оның қуатты күштік қондырғысы тыныш жұмысымен және жылдам реакциясымен ерекшеленеді, соның арқасында көлікті басқару керемет ләззат сыйлайды. PALISADE Сізді күтпеген жағдайларда қорғауға қабілетті заманауи қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған, соның арқасында Сіз абсолютті тыныштық пен сенімділік сезімінен ләззат ала аласыз.

# Қауіпсіздік

PALISADE моделіне орнатылған жүргізушілерге көмек көрсетудің жетілдірілген жүйелерінің кешені Сізді және жақындарыңызды қорғау үшін жаңа, одан да қуатты функциялармен толықтырылған. Қайталама соқтығысуды болдырмау үшін төтенше тежеу жүйесі бірінші соқтығысудан кейін ықтимал соққылардың алдын алу үшін көліктің жылдамдығын төмендетеді, ал артқы орындықтарда жолаушылардың болуы туралы ескерту функциясы отбасыңыздың кіші мүшелерінің межелі жерге аман-есен жетуін қамтамасыз етеді. Қараңғы уақытта артқы жүріспен қозғалғанда жаяу жүргіншілерді ескертетін бағыттаушы шамдар жанады.




Соқыр аймақтарды бақылау жүйесі (BVM)




Айналдыра шолу жүйесі (SVM)



Кері қозғалыс туралы ескертетін бағыттаушы шамдар









Артқы орындықтарда жолаушылардың бар екендігі туралы ескерту функциясы (ROA);
қайталама соқтығысуды болдырмауға арналған төтенше тежеу жүйесі (MCB)

7 қауіпсіздік көпшігі (жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғауға арналған алдыңғы көпшіктер, алдыңғы бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері, жүргізушінің тізесіне арналған қауіпсіздік көпшіктері және аударылған жағдайда қорғауға арналған қауіпсіздік пердешелері)

# **Hyundai** SmartSense







**Қиылыстан өткен кезде көмек көрсету функциясы бар алдынан соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA)**
Қиылыста солға бұрылған кезде қарсы келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаған кезде бұл жүйе автоматты түрде шұғыл тежеуді қолданады.

**Қозғалыс жолағында ұстау жүйесі (LFA)**
Жолақта ұстау жүйесі жүргізушіге көлікті өзі келе жатқан жолақтың ортасында ұстауға көмектеседі.

**Артқы тұраққа қою радары (PDW)**
Артқы тұраққа қою радары төмен жылдамдықпен жүрген кезде көлікке жақын орналасқан объектілермен соқтығысу ықтималдығы туралы ескертеді.







**Алдыдан соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA)**
Егер алда келе жатқан көлік кенеттен жүрісін баяулата бастаса немесе, мысалы, алдаңызда тоқтаған көлікпен, жаяу жүргіншімен немесе велосипедшімен соқтығысу қаупі байқалса, жүйе жүргізушіні екертеді. Егер ескертуден кейін соқтығысу қаупі сақталса немесе жоғарыласа, жүйе автоматты түрде төтенше тежеуді қолданады.

**Соқыр аймақтарды бақылау жүйесі (BCW)**
Егер басқа қозғалыс жолағына ауысу алдында бұрылыс көрсеткішін қосқаннан кейін артқы бүйір жақта келе жатқан автокөлікпен соқтығысу қаупі болса, жүйе жүргізушіге ескерту береді. Егер параллель тұрақ орнынан шығу кезінде артқы бүйір жағынан қозғалып келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаса, жүйе автоматты түрде шұғыл тежеуді қолданады.

# Динамика

Басып озу үшін басқышты басқан кезде PALISADE-тың бүкіл қуаты Сіздің қолыңызда болатынына сенімді бола аласыз. PALISADE бензинді және дизельді қозғалтқыштары, берілістерді бірқалыпты және тыныш ауыстыру үшін үйкелісті азайтудың жаңа технологияларын қолданатын жаңартылған 8 сатылы автоматты беріліс қорабымен үйлеседі. Ұқсас беріліс қорабы дизельді қозғалтқышы бар автокөліктерге орнатылады. HTRAC толық жетекті басқару жүйесі ойлы-қырлы жерлерде SUV сипаттамаларын жақсартатын Multi-Terrain Control жол талғамайтын қозғалыс режимін таңдау жүйесінің контроллерімен жабдықталған.

**R2.2 VGT дизельді қозғалтқышы**

193 (EU2/EU3) 200 (EU4/EU5) Максималды қуаты: а.к. / 3800 айн/мин

45.0 Максималды айналу сәті: Н·м/1750~2750 айн/мин

**3.5 MPi бензинді қозғалтқышы**

249 Максималды қуаты: а.к. /6300 айн/мин

34.2 Максималды айналу сәті: Н·м/5000 айн/мин




HTRAC толық жетекті басқару жүйесі және Multi-Terrain Control жол талғамайтын қозғалыс режимдерін таңдау жүйесі




Батырмамен басқарылатын 8-сатылы автоматты беріліс қорабы




HLX 2206

# Отбасылық құндылықтар

Отбасымен өткізетін уақытқа баға жетпейді. PALISADE адам саны әркелкі отбасылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын керемет кең салонның арқасында бұл уақытты мүмкіндігінше тиімді пайдалануға көмектеседі. Ол орындықтардың әртүрлі конфигурацияларын және көптеген зат сақтау бөлімшелерін таңдау мүмкіндігінің арқасында бұрынғыдан да әмбебап болды. Автокөлікте қанша ересек жолаушылар, балалар мен багаж болса да, отбасылық PALISADE Сізге жайлылық сыйлап, баратын жеріңізге жеткізе алады.




PALISADE
HLX 2206


HLX 2206



# Кеңістік

Салондағы сән-салтанат атмосферасы PALISADE-тың айрықша динамикалық сипаттамаларын еске түсіретін жеңіл спорттық элементтермен толықтырылған. Оның күрделі пішінді орындықтары жамбас пен арқа бұлшықеттеріне жақсы қолдауды қамтамасыз етеді, Сізге ұзақ сапарлардан барынша жайлылықпен ләззат алуға көмектеседі.
Басқару құралдарының ойластырылған орналасуының арқасында қолыңыз бен көзіңізді аз қозғалтасыз, бұл қауіпсіздікті арттырады.




12:00 PM 1 Jan.
Map
Navigation
Phone
Blue Link
DMB
Radio
Media
Sound of Nature
USB Video
Android Auto
Apple CarPlay
MODE
RADIO
MEDIA







Орындықтарды реттеу құрылғылары бір рет түрту арқылы іске қосылады.
Екінші қатардағы орындықтарды алға жылжыту үшін батырманы басу жеткілікті, бұл үшінші қатардағы жолаушыларды отырғызу мен түсіруді едәуір жеңілдетеді.



2-ші және 3-ші қатардағы орындықтары бүктелген конфигурация

2-ші және 3-ші қатардағы орындықтары 60%-ға бүктелген конфигурация

2-ші және 3-ші қатардағы орындықтары 40%-ға бүктелген конфигурация

3-ші қатардағы орындықтары бүктелген конфигурация

8 орынды конфигурация



Автоматты ашу жүйесі бар жүксалғыш есігінің электр жетегі



Бір рет түрту арқылы интеллектуалды бүктеу функциясы (WALK-IN батырмасы [салонның артқы жағы])

# Жабдық




«Қара хроммен» қапталған радиатор торы



Толығымен жарықдиодты оптика



Hidden Lights технологиясына негізделген жасырын бұрылыс көрсеткіштері



Сыртқы артқы көрініс айналарының корпустарындағы бұрылу көрсеткіштерінің жарықдиодты қайталағыштары



Артқы көріністің айналарындағы жарықтандыру



Электр жетектері мен қорғаныс құрылғылары бар әйнек көтергіштер



Екі секциялы панорамалық шатыр



Артқы тұманға қарсы шамдар



Автокөліктің жүк салғыш есігінің электр жетегі жүйесі



Жарықдиодты артқы оптика



20-дюймдік жеңіл балқығыш
дөңгелек дискілер



Диагоналы 4,2 дюйм TFT экраны бар Supervision аспаптар тақтасы



Толық автоматты кондиционерлеу жүйесі



Тәуелсіз басқарылатын үш аймақтық автоматты баптау жүйесі



Құрылғыларды зарядтауға арналған USB қосқыштары



Бірінші және екінші қатардағы орындықтарды жылыту және желдету



Сымсыз зарядтау құрылғысы



Орындық қалпын есте сақтау функциясы



Жасанды былғарыдан жасалған есіктегі шынтақ сүйегіш



8 бағытта реттеуге және 2 бағытта бел бөлігінің тірегін реттеуге арналған электр жетегі бар жүргізуші орындығы



Harman/Kardon динамиктері


HLX 2206



# Calligraphy

## Барлық жағынан ерекше.

Премиумды SUV Hyundai жаңа деңгейге шықты.
Palisade-пен Сіздің өміріңіз одан да әсем, қауіпсіз және жайлы болады.
Флагмандық SUV Hyundai Calligraphy дизайнына тән ерекшеліктер — батылдық пен аусарлық. Максималды сән-салтанат пен талғампаздық үшін премиум класты сәндік элементтер қолданылған салонның ең мінсіз әрленімі.

# Calligraphy эксклюзивті бөлшектері

Жаңа Palisade-тың арнайы Calligraphy нұсқасы сыртқы әрлеудің эксклюзивті элементтерімен ерекшеленеді.



Calligraphy эксклюзивті 20 дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілері




Calligraphy эксклюзивті радиатор торы және ауа тартқыш



Шанақ түсіне боялған экстерьер элементтері



Шанақтың артқы жағындағы қосымша жарықдиодты тоқтату сигналы және қорғаныс пластиналары



Цифрлық орталық артқы көрініс айнасы



Тігіспен безендірілген Calligraphy эксклюзивті орындықтар



Есіктердегі премиум класты орталық ендірмелер



Алюминиймен өңделген орталық консоль, ал қақпағы жасанды былғарымен қапталған



Алдыңғы есіктердегі металл торлары бар динамиктер



Контурлық жарықтандыру



Екі түспен әрленген руль дөңгелегі


AUTO

# Интерьердің түстері



Сұр Cool Gray, екі реңк





















Монохромды қара






















Табиғи былғары



Панельдің әрленуі: қатпарлы сүрек

Қою қызыл





Табиғи былғары



Панельдің әрленуі: қатпарлы сүрек

Екі түсті, аквамарин + ашық сұр

# Шанақтың түстері



Ақ
Creamy White Pearl
(перламутр)
(WC9, 3 қабат)

Күміс түстес
Shimmering Silver Metallic
(металлик)
(R2T)

Сұр
Olivine Gray Metallic
(металлик)
(X5R)

Графит
Graphite Gray Metallic
(металлик)
(P7V)

Қызыл
Sierra Burgundy Pearl
(перламутр)
(W7B)

Қоңыр
Gaia Brown Pearl
(перламутр)
(D2S)

Қара
Abyss Black Pearl
(перламутр)
(A2B)

Көк
Moonlight Blue Pearl
(перламутр)
(UB7)

# Техникалық сипаттамалары

| Түрі | R2.2 VGT дизельді қозғалтқышы | | 3.5 MPi бензинді қозғалтқышы |
|---|---|---|---|
| Қозғалтқыш түрі | Қатарлы, 4 цилиндр | | V6 MPi |
| Көлемі, см$^3$ | 2,199 | | 3,470 |
| Максималды қуаты, айн/мин кезінде а. к. | 193 / 3,800 (EU2 / EU3) | 200 / 3,800 (EU4 /EU5) | 249 / 6,300 |
| Максималды айналу сәті айн/мин кезінде Н·м | 45.0 / 1,750~2,750 | | 34.2 / 5,000 |
| Тежеу механизмдері | | | |
| Жалпы ақпарат | Дискілік, күшейткіші және және электронды тежегіш күшін тарату жүйесі бар диагональды екі контурлы жүйе (EBD) | | |
| Алдыңғы / артқы | Желдетілетін тежегіш дискілері, 18 дюйм (бір осьті жетек / толық жетек) / желдетілетін тежегіш дискілері, 17 дюйм | | |
| Аспа | | | |
| Алдыңғы | Тәуелсіз, серіппелі, Макферсон типті, көлденең орнықтылықты тұрақтандырғышы бар | | |
| Артқы | Көпиінтіректі | | |
| Шиналар | | | |
| | 245/60R18, 245/50R20 | | |
| **Габариттік өлшемдер** | | | |
| Орындықтан төбеге дейінгі биіктік, мм | Бірінші қатар (люгі бар нұсқа) / екінші қатар (люгі бар нұсқа) / үшінші қатар | | 1,035 (997) / 1,019 (985) / 944 |
| Аяққа арналған кеңістік, мм | Бірінші қатар / екінші қатар / үшінші қатар | | 1,120 / 1,077 / 798 |
| Иық деңгейіндегі салонның ені, мм | Бірінші қатар / екінші қатар / үшінші қатар | | 1,555 / 1,545 / 1,402 |

- Жоғарыда келтірілген сипаттама алдын ала бағалау нәтижесінде алынған және өзгертілуі мүмкін.
- Осы каталогта ұсынылған жабдықтың бір бөлігі стандартты жабдықтар тізіміне кірмеуі мүмкін, сәйкесінше қосымша ақыға қосымша опциялар ретінде жеткізіледі.
- Hyundai Motor Company техникалық сипаттамалар мен жиынтықталымды алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезінде көрсету мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден сәл өзгеше болуы мүмкін.
- Қолжетімді түстер мен тыстау материалдары туралы толық ақпарат алу үшін дилеріңізден кеңес алыңыз.

Өлш.бір.: мм




Алдыңғы жолтабан 1,708
Габаритті ені 1,975



Габаритті биіктігі 1,750

Дөңгелек базасы 2,900
Габаритті ұзындығы 4,980




Артқы жолтабан 1,716
Габаритті ені 1,975


HLX 2206



# Бір отбасы — көп артықшылықтар

## 5 ТҚК сыйлыққа

АВТОКӨЛІКТІ ҰЗАҚ МЕРЗІМ ЖӘНЕ АҚАУСЫЗ ПАЙДАЛАНУ КЕПІЛІ

Жаңа Hyundai сатып алыңыз және 10 мың километр жүрілген жол немесе 12 ай аралықпен алғашқы бес мерзімді ТҚК сыйлыққа алыңыз.

## Сервис

ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР СІЗГЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚПЕН!

Біздің Сіздерге деген қамқорлығымыз - жолда көлікпен қауіпсіз қозғалудың кепілі. Сіздердің назарларыңызға қалаларыңыздағы барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында Before Service бағдарламасын ұсынамыз. Before Service бағдарламасы автомобильді кешенді профилактикалық байқауды кедергісіз және қауіпсіз, ең бастысы тегін жүргізуге мүмкіндік береді.

## Кепілдік

ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.

## Trade-in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы әрекет етеді. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобиліне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында

## Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24\7 қолжетімді.

ASTANA MOTORS

HYUNDAI

Дилер туралы ақпарат

**HYUNDAI AUTO KAZAKHSTAN**
**Брендтің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы**

www.hyundai.com

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center
Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007

5 жылға кепілдік немесе 100 000 км

Бұл кітапша басып шығару кезінде дұрыс болды. Алайда, Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өнімді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанатындықтан, ол осы жарияланымда сипатталған модельдердің ерекшеліктерін, түстерін және жиынтықталым элементтерін кез келген уақытта қосымша ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Модельдердің түстері мен жиынтықталымдарының үйлесімі олар нақты болған жағдайда қолжетімді. Өзекті ақпарат алу үшін Hyundai ресми дилерлік орталықтарына хабарласыңыз.